

БАҚЫТ ӘБЖЕТ

ШУВАШТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ САРДАШ ДІНІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ
БАЙЫРҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ
КӨРІНІСТЕРІ

Автор рассматривает об этнической религии чувашов сохранившейся до XXI в. – сардаш, ее религиозные обычаи и традиций, роль и место с тюркской мифологии, влияние монотеистических религий на национальные религий.

Yazar Çuvaş halkının XXI asıra kadar yaşayan etnik dini – sardaş'tan bahsederek, jnun dini örf-odetleri, türk mifolojisindeki yeri ve sonraki monoateşm dinlerin milli dinlere olan etkisinden söz etmektedir.

Түркі халықтары ішінде ежелгі ата-баба дінінің аясында қалған, этникалық дінді берік ұстанып, табиғат тылсымдарына табынып келген ұлыстардың бірі – шуваштар. Орыс мемлекеті шуваштарды жаулап алғаннан кейін оларды өз дінінен ата-баба дәстүрінен айырып, ассимиляцияға түсіру үшін шоқындыру процесіне қатты кіріскендігі белгілі. Соған қарамастан қазіргі Шувашияда ХХІ ғасырға дейін дәстүрлі дініне берік болып, ата-баба дәстүрі, байырғы әдет-ғұрыптарын жалғастырып келе жатқан тұтас ауылдар да кездесіп отырады. Шуваш халқының христиан дінінің ықпалында жұтылып кетпей, ата салтын осы күнге дейін берік сақтап оны атадан балаға мұра ретінде қалдырып кетуі бір жағы сол халықтың ұлттық дәстүрге деген беріктігін көрсетсе, екіншіден қазіргі таңда зерттеушілер үшін әсіресе, фольклористер мен этнографтар, теолог ғалымдар үшін таптырмас құнды жәдігерлер беретіндігі хақ.

Шуваштардың мифологиясында ірілі-ұсақты құдайлардың аттары айтылып, сол құдайлардың рухына құрмалдық шалып, дұға оқу ырымдары ел ішінде әлі де орындалып отыратын ғұрыптардың біріне жатады. Олардың нанымдары байырғы шаманизмге жақындау келеді. Христиандықты қабылдамаған кейбір шуваш ауылдарында космогониялық тәңірлермен бірге киелі күштер, жер, су, жел, махаббат т.б. адам мен оны қоршаған ортаны сақтаушы көптеген ұсақ құдайлардың аттары жақсы сақталған. Шуваштардың діні «сардаш» деп аталады. Оның шығу төркіні ежелгі діннің бірі зороастризмнен бастау алады дейді шуваш ғалымдары. Оған де себеп жоқ емес, сардаш дініндегі түсінік бойынша аспан әлемі мен жер бетіндегі барлық нәрсе жұп-жұптан жаралған: түн мен күн, қыс пен жаз ыстық пен суық, махаббат пен жек көрушілік т.б. Осының бәрін жаратушы ізгілік құдайы және зұлымдық құдайы деп егіз құдайды қатар атайтын дуалистік ілімнен құралған.

Сардаш діні түсінігінде ірілі-ұсақты жаратушы бірнеше құдайлар ұшырасады, бірақ аспан құдайлары ішіндегі ең үлкені әрі әлемнің жаратушысы ретінде бәрінен биік тұрған құдай - Тура. Оның көмекшісі әрі

хабарын басқа құдайлар мен киелі рухтарға жеткізуші ретінде «Пулех» құдайы аталады. Сардаш дінінің ілімі бойынша 12 бөлікке бөлінеді. Ол турасында «Шуваши мәдениетінің әлемі» атты кітапта мынадай түсінік келтіреді: «По учению сардаша боги, добрые и злые силы распределяются по четырем основным группам (силы Земли, Воды, Огня, Неба) и делятся на 12 разрядов по строго определенному порядку. Всегда и везде на первом месте – Ман Тура (Верховный Бог) и обязательно рядом с ним Турамаш (Мать Бога). И только после них Отец и Дедушка Торы. А детей Торы чувашки ругают шалунишками, потому что, по их мнению, дети Торы играючи посылают вьюги, ветры, туманы и прочие ненужные и не ко времени природные явления.

Добрые силы, ответственные за конкретные области мироздания и человеческого общества, относятся ко второму разряду»[1.180].

Жоғарыдағы сілтемеде көрсетілгендей төрт топтан құралған элементтер шынымен зороастризм дінінде бар дүниелер. Соған қарағанда шуваштардың этникалық діндеріне де сыртқы діндердің әсері көп болғандығы байқалады. Оны жекелеген ұсақ құдайлардың атауларынан да байқауымызға болады. Сардаш дінінде мейірімді және зұлым құдайлардың жеке жеке атаулары бар. Мейірімді құдайлардың өз алдына жеке аттарына байланысты атқаратын өз функциялары да белгіленген. Мысалы, денсаулық құдайы – Ашапатман әже, жаңбыр және найзағай құдайы Аслади, жабайы жануарлар құдайы – Пихамбар, әділет құдайы – Савадар т.б. Рухани әлемді қорғаушы құдай ретінде Кавсар- ілім мен данышпандық құдай болып саналады. Тазалық пен ынта құдайы – Авгун, дала мен жер-су құдайы Агар, ақыл, ес құдайының аты Мурдык, үй мен қожалықты қорғаушы құдай Хертсурт.

Зороастризм дінінде Ізгілік құдайы Ахура Мазда болса, зұлымдық құдайына Ахриман жатады. Сардаш дінінде ізгілік құдайына қарсы зұлымдық иесі ретінде Киремет құдайы аталады. Отбасын қорғаушы құдайы Йерех та өзі тыйым салған дүниелерді бұзған адамдарды жазалау үшін неше түрлі ауруларды таратып отырады. Өз шекарасынан рұқсатсыз аттаған жандарды жазалаушы құдайлар қатарына Чемен, Валем Хуса, Келё жатқызылады. Шуваштардың этникалық дінін зерттеуші этнограф ғалым Е.А.Егорова сардаш дініндегі ізгілік құдайы Тураға қарсы зұлымдық құдайларының атқаратын қызметі турасында мынадай дерек келтіреді: «Центральным божеством этой категории является, несомненно, сам Киремет, вызывающий у верующих противоречивые чувства – «от ужаса перед ним до абсолютного почитания его и обращения к нему за покровительством». По всей значимости он сравним с Тура и является, по мнению А.К.Салмина, *deuz inversus*, т.е. «богом наоборот», на что указывает и легенда о его происхождении. Моление Киреметю в специально отведенном месте – один из важных моментов обрядовой жизни сельского

сообщества. Поэтому при каждом селении имелось несколько киреметищ, иерархически соотносимых между собой по степени значимости»[2.15].

Шуваштардың дінінде ескі түркілік далалық дін тәңіршілдік пен зороастризм, христиандық пен ислам элементтері де ұшырасып отырады. Әсіресе кейінгі ғасырларда христиан дінін қабылдаған соң сол діннің ықпалы көбірек болуы заңдылық. Дегенмен шуваштардың тұрмыстық салттарында қыз ұзату, үйлену немесе өлік жөнелту секілді этнографиялық дәстүрінде бұрынғы ата-баба дінінің дәстүрі көбірек сақталған. Мысалы, шуваштарда өлген кісіні жерлеу үшін өліктің орнына бөрене кесіп жатқызып қоятын дәстүр болған, оны «юпа» деп атайды. «Юпа» жазда және күзде екі рет жаңадан қайтыс болған адамдарды еске алу негізінде жүргізіліп отырған. Шуваштар өлген адам о дүниеге кеткенде үш әлемді жалғап тұрған әлем ағашына (космостық ағашқа) барады, сол арқылы құдаймен табысады деп сенсе керек. Бұл тек түркі халықтарында ғана емес сонымен бірге үндіеуропа халықтарының мифологиясында да ұшырасады. Ол турасында А.Салмин былай дейді: «Есть тексты, где говорится, что при входе во двор конь привязывается к чугунному столбу (мировое дерево). Во всех таких случаях конь как бы исчезает, т.е. он приносится в жертву дому. В пользу этого говорит и тот факт, что потом о коне юноши уже не повествуется. В древней Индии такая коновязь обозначалась двусосотавным термином aśvaūra, где aśva конь, у́ра (чуваш. юпа) – столб, т.е. «столп, (к которому) привязывают лошадь, (предназначенную для жертвы)»[3.224]. Жалпы шуваштарда ағашты кие тұту дәстүрі жақсы сақталып қалған. Бала туылғанда оған бесікті арнайы жөке ағашынан жасайтын болған. Егер бала жастай шетінейтін болса, онда бесікті қоса өртеп жібереді. Егер бір адам қайтыс болса, орманға барып бір ағашты шауып әкеледі, алған ағаштың орнына жеті тиын қалдырады. Сол әкелген ағашты өлген кісінің орнына жатқызып оның киімдерін сол бөренеге жауып қояды. Бұл ырымдардың арғы түсінігінде адам өлгенде ағаштың киелі рухтары оны жаратушы тәңіріге алып кетеді деген түсінік жатыр.

Бұл дәстүр түркі халықтарының ежелгі салтында болғандығын олардың аңызы мен ертегілерінен аңғаруға болады. Алайда, бұл ырым басқа халықтарда ұмытылып тек, қазіргі шуваштарда ғана сақталып қалғандығын пайымдауға болады. Шуваштар да тарихы тым тереңде жатқан халық, олардың мифологиясында ежелгі шумерлердің мифі мен ежелгі Мысыр құдайларымен аттас атаулар да ұшырасып отырады. Ол турасында халық жазушысы, академик М.Н.Юхма былай деп жазады: «Фольклорный материал чувашей очень богат. В нем обильно представлены интереснейшие образцы уникального скрещивания языческого, мусульманского, христианского и даже зороастрского мировоззрения. В нем мы находим наслоение некоторых философско-этических сплетений вероучений древнего Египта, проникнутое к нашим предкам, как нам кажется, караванными путями, пролегшими с низовьев Нила до великой Волги. Говоря это, я прежде всего думаю о древних

обрядовых песнопениях и молитвах чувашей, которые сюжетной канвой и своей метафоничностью перекликаются с древней «Авестой» - священной книгой зороастрийцев; также думаю о событиях в древнечувашской мифологии, связанных с именем богини Сехметь. Сехметь у древних египтян – дочь бога Ра, а у древних чувашей – дочь владыки Вселенной Тангара»[4.18-19].

Жалпы шуваштардың этникалык динінде ескі диндердин издері көп сакталган. Жоғарыда атап өткен «юпа» үнді мифтерінде ұшырасатын болса, «Сехметь» ежелгі мысыр аңыздарында бар. Сонымен бірге зороастризм дининин ықпалы мен христиан дининин әсері, сондай-ақ ислам дининен ауысқан атаулар да ұшырасады. Мысалы ізгілікті «Ыра» құдайына қарсы зұлымдық құдайы «Хаяр» деп атайды. Сондай-ақ «пихампар», «пириште», «киремет», «пирекет», «шуйтан» т.б. сияқты кірме сөздер ислам діні арқылы ауысқандығы байқалады. Жалпы олардың ірілі-ұсақты құдайларының атаулары арасында араб-парсы кірме сөздеринин ұшырасуы кезінде ислам динин кабылдағандығынан хабар береді. Шуваштар қазіргі кезде ислам динин тұтынушы, христиан диніндегілер және этникалык сардаш динин ұстанатындар болып үшке бөлінеді. Шуваштардың ертегілерінде кейіпкерлер біреумен жолығып сәлем берген кезде міндетті түрде «салам алейкум» деп амандық сұрасады. Кезінде Бұлғар хандығының ислам динине оң қарағандығы тарихтан белгілі. М.Юхма ибн Фадланның саяхаты турасында мынадай дерек келтіреді: «Ахмед ибн Фадлан пишет, что царь болгар и ближайшее его окружение приняли ислам. Но многие не захотели принимать новую веру, взбунтовались и, под предводительством свободолюбивого Вырага, откочевали от царя. Можно предположить, что именно с этого момента началось разделение некогда единого народа. Одни исповедовали ислам, другие – христианство, третьи хранили свою древнюю веру. Это привело к ослаблению государства»[4.11].

Еділ өзені бойындағы бұлғарлар ислам динин VIII ғасырдың өзінде-ақ өзіне жақын тұтқан болса, кейін Алтын Орда дәуірі тұсында ислам динин кабылдаған Берке ханнан бастап Алтын Орда құлағанға дейінгі дәуірде басқа көрші халықтармен бірге шуваштар да ислам дининин ықпалына түскендігі байқалады. Себебі чуваштар біраз уақыт болса да араб емлесін қолданғандығы турасында деректер ұшырасады. Кейін орыс империясы өзіне қаратқан соң шуваштарды шоқындыру науқанын ғасырлар бойы жүргізіп отырды. Бұл зомбылық әсіресе, XIX ғасырдың II-жартысында Ильминскийдің енгізген жүйесі тұсында қатты жүргізілгендігі белгілі. Шуваштарға Ильминский жүйесін кіргізгеннен соңғы өзгеріс турасында Е.Ягафова былай дейді: «Содержание решений было продиктовано в значительной степени под влиянием все более распространявшейся в просветительском движении «системы Ильминского», кульминацией

которого стали 90-е гг. XIX в., когда, по словам Г.Комиссарова, «дело христианского просвещения чуваш сделало замечательно быстрые успехи, и религиозное состояние чуваш изменилось к лучшему до неузнаваемости»[3.33].

XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін христиандықты қабылдауға мәжбүрлеудің кесірінен шуваштардың көпшілігі христиан дініне өткендігі шындық. Дегенмен дәстүрлі діннің әдет-ғұрыптарынан ажырамай, өлік жөнелтсе де, жыл маусымына байланысты діни мерекелерді тойлаған кезде де ата дәстүрін ұмытпай, этникалық дініне құрметпен қарап келе жатқан қайсар шуваш халқының өз ата-баба дінін XXI ғасырға дейін ұстанып, жеткізіп отырғандығына бір жағы сүйсініп қарасаң, екінші жағы бұл жәйтті таңғаларлық жағдайға жатқызуға да болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Димитриева Н.И., Никитин В.П. Мир чувашской культуры (Древняя история и духовное наследие этноса). Учебное пособие. Изд.2-е, доп.-Чебоксары: «Новое время», 2007.
2. Ягафова Е.А. Чувашское «Язычество» в XVIII – начале XXI века: Монография.- Самара: Изд-во СГПУ, 2007.
3. Салмин А.К. Народная обрядность чувашей. – Чебоксары, 1994.
4. Красавица Тайслу: Чувашские народные легенды, предания, сказки и потешные рассказы/ Сост. И пер. М.Н.Юхмы.-Чебоксары: Чуваш.кн. изд-во, 2006.

RESUME

Abzhet B. (Turkistan)

Traditional Sardash religion of shuvash and stages of the ancient Turkic peoples' myphology in it

The article deals with the ethnic religion of Shuvash, which has been kept since the 21st century, Sardash and its religious customs and traditions, its role in the Turkic myphology, and the influence of monoteist religions to the national religion.